

Бекітемін
 М.Мамыраев атындағы мектеп-интернаты директоры
 А.Б.Божбанова
 «02» 09 2025 ж.



9,11 - сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жоспары

I. Ақпараттық қызмет			
1. Педагогтармен			
№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1.	Нормативтік – құқықтық құжаттармен, бұйрықтармен таныстыру	қыркүйек, жыл бойы	мектеп әкімшілігі
2.	Қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша мектеп жұмысының жүйесі, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің деңгейі, дайындық өткізу үшін кадрлық дайындығын қамтамасыз ету.	қыркүйек	мектеп әкімшілігі
II. Білім алушылармен			
1.	Қорытынды аттестаттаудың ережелерімен таныстыру	жыл бойы	оқу ісінің орынбасары, сынып жетекшілері
2.	Қорытынды аттестаттауда таңдау сабақтарын алдын ала таңдау және қатысу мәселесі бойынша сынып жиналысы	қыркүйек, жыл бойы	мектеп әкімшілігі
3.	Кәсіптік бағдар беру бойынша мамандармен кездесу	қыркүйек, жыл бойы	мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері
III. Ата-аналармен жұмыс			
1.	Ата-аналар жиналысын өткізу : <ul style="list-style-type: none"> • қорытынды аттестаттаудың ережелерін, дайындық ерекшеліктерін таныстыру; • қорытынды аттестаттау барысында өзін-өзі ұстау ережесі 	қыркүйек әр тоқсан сайын 1 рет желтоқсан	мектеп әкімшілігі сынып жетекшілері мектеп психологы
2.	Ата-аналарға жекелей кеңес беру	жыл бойы	мектеп психологы
3.	Бейімдік пәндерді таңдау ата-аналардың көмегі маңызды екенін түсіндіру	жыл бойы	мектеп психологы, сынып жетекшілері
II. Пәндік дайындық			
Қорытынды аттестаттау мен тестілеуге дайындық барысында оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шараның жүйесі			
1	Пән мұғалімдердің қорытынды аттестаттауға байланысты жаңа үлгіде сынама емтихан дайындық жүргізуді: <ul style="list-style-type: none"> • қазақ тілінен эссе жазуды; • орыс тілінен тест тапсырмалары; 	қазан-мамыр	пән мұғалімдері

	<ul style="list-style-type: none"> • алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша; • Қазақстан тарихынан жазбаша; • таңдау пәндерінен тест тапсырмаларын ұйымдастыру. 		
2.	Қосымша сабақтар ұйымдастыру: <ul style="list-style-type: none"> • қазақ тілінен тест тапсырмалары; • орыс тілінен тест тапсырмалары; • алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша; • таңдау пәндерінен тест тапсырмаларын ұйымдастыру. 	жыл бойы	пән мұғалімдері
III. Мониторинг			
1.	Оқушыларды дифференциалды топтарға бөліп оқыту	жыл бойы	пән мұғалімдері
2.	Қорытынды аттестаттауға байланысты оқушылардың баға қорын бақылау	тоқсан сайын	мектеп әкімшілігі
3.	«Үздік аттестатқа» үміткер оқушылармен жекелеген қосымша сабақтар ұйымдастыру және олардың үлгерім қорытындыларына талдау жасау, уақытылы коррекциялық жұмыстарын жүргізу	жыл бойы	пән мұғалімдері
IV. Психологиялық дайындық			
1.	Қорытынды аттестаттауға психологиялық даярлық. 9-сынып оқушыларына арналған тренингтер	жыл бойы	мектеп психологы
2.	9-сынып оқушыларына мамандық таңдауға неесе бейіндік пәндерді таңдауда психологиялық тұрғыдан көмек көрсету	жыл бойы	мектеп психологы
3.	11- сынып түлектерімен жекелей жұмыс	жыл бойы	мектеп психологы
V. Құжаттарды рәсімдеу			
1.	2025-2026 оқу жылы бойынша білім алушылардың үлгеріміне қорытынды аттестаттау комиссиясын құру.	қаңтар	оқу ісі-жөніндегі орынбасары
2.	Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыс жоспарын және қосымша сабақтар кестесін бекіту	қазан	мектеп директоры
3.	«Үздік аттестатқа» үміткер оқушылардың құжаттарын тексеру комиссиясын құру	қараша	оқу ісі-жөніндегі орынбасары
4.	9-сынып оқушыларының құжаттарының көшірмелерін жинау	наурыз	сынып жетекшілері
5.	Қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізу, қорытынды бағалау. Талдау жасау	мамыр-маусым	қорытынды аттестаттау комиссиясы
6.	Аттестаттар дайындау, табыстау рәсімі	маусым	техникалық хатшы сынып жетекшілері

Директордың орынбасары  С.Т.Изтилеуова

Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2025 жылғы 1 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:


1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда):



«ЗКАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;

2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2026 жылғы 8 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 11 маусым.

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде оқытатын мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 12 маусым;

5) өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі

Ғ. Бейсембаев